

ЕГЕМЕН

Азаттық газеті



№196 (28419)
8 ҚАЗАН
СӘРСЕНБІ
2014 ЖЫЛ

Жалпыұлттық республикалық газет • 1919 жылғы 17 желтоқсаннан шыға бастады • www.egemen.kz

ISSN 1991-9720



9 771999 972005

Кездессең көзің, сөйлессең көңілің тоятын

(Орал Мұхамеджанов туралы сөз)



Жұмыр басты пенденің өмірдің өткініші екендігін білмейтіні жоқ. Солай бола тұра кімнің болса да өмірден озуы қай кезде де мезгілсіз. Төңірегін ойсыратып, өкініп-ақ кетеді. Әсіресе, көз алдында, өмір базарында қатар жүрген, әлі де қоғамға берері мол азаматтар шұғыл бұрылып, артына бір қайырылмай, мәңгілік сапарға аттанып бара жатқаны шын мәнінде қатарымызды сиретіп, белгілі бір буынның көкірегін құлазғытып кететіні анық. Сондай сезім ауаның көптеген замандастарымыз – Орал Байғонысұлы Мұхамеджанов өмірден озғанында түйсініп, сезінгені көз алдымызда.

Орал Байғонысұлы – біздің қоғамымыздың, бүгінгі өміріміздің көрнекті тұлғасы еді. Ол жастайынан қоғамның, өз уақытының алдыңғы қатарында жүрді. Орекең өзі ер көңілді, сері сезімді, ақжарқын мінезді, кескіні келбетті, ой десең ойы, бой десең бойы бар, бетке ұстар дарқан азамат еді. Тегінен мінезге бай, дарыны, қабілеті ерекше, қоғамда атқарған қызметі қыруар, бойына жинақтаған тәжірибесі мен білгірлігі мол, әлі де елге, мемлекетке барынша қызмет етерлік саясаткерлік тұлғасының нағыз толысқан қайратты шағында, 65 жасында арамыздан мәңгілік сапарға аттанды.

...Оралмен менің алғашқы танысуым сонау 1978 жылы Арқалықта (ол кезде Торғай облысының орталығы) іссапарға барғанымда болған. Орекең аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы екен. Облыстық комсомол комитетінің екінші хатшысы Нұрқанның дастарқанында Оралмен танысып, дәмдес, тұздас болдық. Жас кезіміз. Ашық-жарқын, еш бүкпесіз танысып, сыр аша әңгімелесіп, бірден бір-бірімізді бұрыннан білетін адамдарша түсінісіп кеттік. Сол жолғы танысып, тапқан олжам осы Орал Мұхамеджанов болды. Әсіресе, есімде қалып, қатты сүйсінгенім – бір уақытта Орал ән айтуға кірісті. Содан тындап отырсам, Оралдың ән айтуы жай біздің дастарқан басында көңіл көтеру үшін айтатын әнімізден мүлде бөлек екеніне назар аудардым. Кәдімгі опера театрының кәсіби әншісідей шырқады. Репертуары да кең – халық әндерінен әлемдік әйгіліктегі дүниежүзілік классикалық опералардан арияларды орындағанда айызынды қандырады-ақ. Ән орындау мәдениетінің тігісі жатқызылған, шеберлігі төселген, кәдімгі опера сахнасында күнде шырқап жүрген кәсіби әншілердей көсілді.

Әдетте, біз дастарқан басында арнайы құрмет кешінде бас қосқанда әр әннің басын бір шалып, кейде өзімізді-өзіміз желпілтіп көңіл көтеріп отыратын дәстүрі бар халықпыз ғой. Жақсылыққа жиналғанда ән айту біздің қазақ халқына тән – ата-бабамыздан халықтың жүрегінде қалған рухани дәстүр. Қазақтың талай қиынқыстау замандарға шыдас беріп, аман өтуі де көп жағдайда жанына, жүрегіне ән, әуенді серік ете алғандығын да талай тұлғалардың тарихынан білеміз. Өкінішке орай, бүгінде ондай дәстүрден көп жағдайда айрылып қалдық, дастарқан басында меймандардың ән айту дәстүрі қалып барады. Ән айту үшін тек арнайы әнші, өнерпаз шақырылады. Бала кезімізде әке-шешелеріміз көршілермен, ағайын-туыстармен, жақын, сыйласып жүретін қатарластарымен дастарқан басында бас қосса, ән айтысып отырушы еді. Кейбір үлкен кісілер ұзақ жырларды жатқа айтатын. Әннің табиғатын, оны кім шығарғанын, кім шырқаған тарихын шолып, өз орталарын көріктендіре түсетін. «Бұл әнді кім жақсы орындайды?» деп, әннің атын айтуды да ұмытпайтын. Бала жадымызда қалған сол аяулы көріністер болар, біздің де дүниетанымымызды қалыптастырып жүрген. Кейін біздің қатарымызда да ән айту болып жүрді. Кеңес Одағының кеңістігінде, Ресейде, басқа ұлттардың өкілдерінде ән айту жақсы салт болатын. Бірте-бірте ол азайды. Кейінгі кездерде дастарқан басында ән айтудың орнына тост айту көбейді. Тост айтылғанда, тек отырып алып, әйтеуір дастарқан басында отырған кісілердің бәрін сыдырты

мақтап шығу, бірінен-бірі көшіріп алғандай бәрі жаттанды бір мақтау сөздерді айтады да соңыра онысын ұмытып кете барады. Өкінішке орай, сол ән айту дәстүрі сиреп қалды.

Орекең өзінің өнерпаз тұлғасымен халқымыздың сондай өнер дәстүрін арқалап жүретіндей болып, көңілімізді көріктендіріп жүруші еді.

Орекеңмен алғашқы кездесуімізден көп ұзамай ол комсомол қызметінен партия қызметіне ауысып, аудан, облыс көлемінде басшылық қызметтерде жемісті, нәтижелі қызмет етті.

Еліміз Тәуелсіз мемлекет дәрежесіне жеткен шағында жас мемлекетіміздің құрылып, ел санасында орнығып, өмірде тұрақтануына барын салып еңбек етті. Орекең тәуелсіздігіміздің ең қиын алғашқы жылдарында ол кезде экономика күйреген, жаңа мемлекеттік институттар мен құрылымдар әлі аяғынан тұра қоймаған, заң жоқ, қаржы жоқ, жұмыс жоқ кезде Қостанай облысында аудан әкімі қызметін абыроймен атқарды.

1994 жылы сол уақыттағы Жоғарғы Кеңеске депутат болып сайланып келді.

Орекең депутаттықтан кейін ұзақ жылдар Президент Әкімшілігінде жоғары лауазымды мемлекеттік қызметтерді абыроймен атқарып, жас мемлекеттік құрылымдарының қалыптасуына мол еңбек сіңірді. Сол кездерден бері қарай өзара сыйластығымыз, бір-бірімізге деген құрметіміз ылғи ерекше сезім үстінде жүрді. Әртүрлі қызметтің бабымен, шетелде, әр өңірде жүріп, жиі араласа алмасақ та, біз бір-бірімізді іштей түсінісіп, бір-бірімізге тілектестік ауанында едік. Бір Парламентте лауазым алуандықтарына қарамастан, аман-сәлеміміз әр уақытта бірқалыпты, таза қарым-қатынасымыз сақталып жүрді. Соңғы жылдары Мәжілістің бір комитетінде мүдделес, үндес болып, қызмет жасалдық. Өмірден көргеніміз көбейіп, есейе түскен сайын бір-бірімізге жақындаса түсуімізге іштей түсіністігіміз ұмтылатынын сезінетінбіз. Өкінішке орай, осынау қимастық кезең ұзаққа жете алмады. Өмір мен уақыттың өлшеміне амал нешік.

Орал Мұхамеджанов өзі қоғамдық, мемлекеттік қайраткерлігі жағынан өте жақсы әрі еңбегі мен мемлекетшіл көзқарасына қарай лайықты өсті. Елдің жұрттың тұрмысын, дүниетанымын, өңірлердің жағдайын жақсы білетін, азаматтармен ашық түрде, нені болса да біліп сөйлесетін, олардың мұң-мұқтажын білетін. Қолынан келер көмегінен аянабайтын. Астанада үлкен лауазымды қызметте жүргенде талай адамдарға қол ұшын берді, талай адамның әртүрлі тіршіліктеріне қолғабысын тигізді. Оралдың шарапатын көрген азаматтар баршылық.

Еске алып отырған кездегі Оралдың әншілігін бекер айтып отырғаным жоқ. Оның әншілігі – өнерпаз тегінен, атадан, әкеден қанмен дарыған асыл мұра, тама таланты. Өзінің әкесі Байғоныс та ақын, заманының серісі, дүлдүлі, ол кісінің арғы аталары да сөз, ән, жыр өнерінің майталмандары болған Орекең сол сұңқарлардың қанаты, тұлпарлардың тұяғы, асылдардың сынығы еді. Өзінің әншілік өнері әулетінің асыл мұрасы екендігін еске алып, Орекең кезінде былай деп еді: «Біздің әулетке біткен жақсы қасиеттің бірі – әншілік өнер. Арғы аталарым күміс көмей, жезандай әнші болған кісілер. Кезінде атақты Орынбайды айтыста жеңген Өтеулі ақын, оның інісінің баласы, менің туған атам Мұхамеджан XIX ғасырдың аяғы

мен XX ғасырдың басында Қостанай, Торғай, Ақтөбе атырабына әйгілі әнші-сазгер, ақын болған. Ол кісі туралы қазақ энциклопедиясының сегізінші томында айтылады. Оның кенже ұлы, менің әкем Байғоныс соғысқа дейін Қостанай облыстық филармониясының әншісі болыпты. Домбырамен әуелетіп ән салатын. Ұлы Отан соғысында ауыр жарақат алып, елге келгеннен кейін нәпақасын басқа саладан тапты. Әкеміз әнші болғаннан кейін інілерім мен қарындастарымның барлығы өнерден құралақан емес. Бірақ кәсіби әншілікке барған бірде біреуі жоқ».

Шын мәнінде Орекеңнің тұр-тұрпаты мен өнері, кең мінезі бір-біріне сай болды. Іші қандай өнерге, талантқа бай болса, оның сыртқы пішіні де сондай, көрсең көзің тоятын, сөйлессең көңілің толығатын берекелі, көрнекті, көрікті қазақ еді. Ол өзіміздің ежелгі қазақ ауыз әдебиетінің өкілдерінен бастап, бүгінгі заман ақындарының, орыс, Еуропа ақындарының шығармаларын жатқа айтатын сирек тұлғалардың бірі болатын. Қай кезде де қатарымызды күшейтіп, толықтырып жүруші еді. Азаматтықтың атынан, елдің алдында бір ауыз сөз айту қажет болса да, Оралдың жүргені барлығымызды кәдімгідей қуаттандырып, беделдендіріп жүруші еді.

Жастайынан өнерге жақын өскен бозбала Орал әуел баста опера әншісі болуды арман етіп, Алматыдағы Құрманғазы атындағы ұлттық консерваторияға соғып, кейін өз шешімімен Новосібір қаласына, экономика мамандығы бойынша жоғары оқу орнына түсіп, оқып жүрген шағында сол өңірде талай ән конкурстарына қатынасып, жүлде алғанын көп адам біле де бермейді. Алқалы отырыстарда, кейде тіпті, той-томалақтарда да Орекең шырқай жөнелгенде оның дауысы мен әншілік өнері ешкімді бейжай қалдырмайтын. Орекең өзінің өнерпаздық тамыры мен әнге деген құмарлығын ашылып, айта да бермейтін.

Кейінгі жылдарда Елбасының сенімімен Орал Байғонысұлы Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісінің Төрағасы қызметіне екі рет сайланып, оны абыроймен, білгірлікпен атқарды. Осы лауазымда оның мемлекеттік, қайраткерлік мүмкіндігі мейлінше ашылды. Ол біздің заңдық, құқықтық кеңістігімізді қалыптастыруға өз уақытында көп үлес қосты. Мәжілістің іскерлігін, беделін, мемлекетіміздің беделін, абыройын арттырып, оның халықаралық деңгейде басқа елдермен терезесі тең жағдайын қуаттандыруға білгірлікпен, білімділікпен тиімді еңбек ете алды.

Орал өте көпшіл, достары көп азамат болатын. Қайда барса да, тек Қазақстан өңірлерінде ғана емес, Мәскеуге барса да, Санкт-Петербургке барса да оның көп таныстары, достары кездесіп жататын. Біз өзіміз сапарда жүргенде, көптеген лауазымды азаматтар Оралдың халін, жағдайын сұрап, сәлем айтуды өтініп жүретін. Сондай бауырмал, кімге болса да құшағы ашық, дарқан азамат болды.

Атпал азаматтың денсаулығында кінәрат болады деп ойлау қиын еді. Қысқа мерзімнің ішінде сырқат мендеп, тіпті сырқаттанып жүргеннің өзінде тап осылай болады деп ойлаған жоқпыз. Сырқатты жеңетін шығар деп сеніп жүрдік. Үзіліп кеткен кезде біздің қазақ қоғамы үшін орны толмас өкініш болды. Амал жоқ!

Әріптесіміз, замандасымыз, кәдірлесіміз Орал Байғонысұлының біздің санамызда, көңілімізде, көз алдымызда жарқын бейнесі, тапқыр шешімді орынды ойы, ұтқыр сөзі, келісті келбеті, жайдары кеңпейіл мінезі, адамгершілік шабыты мен ілтипаты қалды.

Орал Мұхамеджановтың мемлекеттік қайраткерлік еңбегі Қазақ елінің жаңа дәуірдегі тарихының төрінен орын алары да хақ. Әріптестерінің Орекеңе деген құрметі де ерекше. Әрқашан оның есімін, жарқын бейнесін, жылы ілтипатын еске алып жүреміз. Өмірінің соңғы жылдары Орекең өзі мүшесі болып қызмет еткен Мәжілістің Халықаралық иетер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төріндегі «Орал Мұхамеджанов» есімі жазылған тақтайша сол қалпы сақтаулы тұр.

Тәуелсіз Қазақ елінің тарихы шежіресінде замандасымыз Орал Байғонысұлы Мұхамеджановтың есімі, мемлекеттік, қайраткерлік еңбегі өзіне лайықты орынға ие боларына да сенімдімін.

Қуаныш СҰЛТАНОВ,
Парламент Мәжілісінің депутаты,
«Нұр Отан» партиясы
Саяси кеңесінің Бюро мүшесі.